

Осакаров аудандық мәслихатының 2023 жылғы 17 қарашадағы "Қарағанды облысы Осакаров ауданы Жұлдыз ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі және тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" № 13/121 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2025 жылғы 9 шілдедегі № 36/358 шешімі

Аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осакаров аудандық мәслихатының 2023 жылғы 17 қарашадағы "Қарағанды облысы Осакаров ауданы Жұлдыз ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі және тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" № 13/121 шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32894 болып тіркелген), аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасының 1 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қарағанды облысы Осакаров ауданы Жұлдыз ауылдық округінің аумағында жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес әзірленді, (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32894 болып тіркелген) және Қарағанды облысы Осакаров ауданы Жұлдыз ауылдық округінің Жұлдыз ауылы көшелері тұрғындарының жергілікті қоғамдастық бөлек жиындарын өткізу тәртібін белгілейді (әрі қарай -Жұлдыз ауылы)".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

К. Саккулаков

